

**«әл-Фараби» мектеп- лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық**

**Анықтама**

«Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі» КММ (09.09.2020 ж. № 16.91 / 1704). хаты негізінде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің типтік ережелеріне сәйкес, 2023 ж.01.01- 2023 ж.20.10. аралығында «әл-Фараби» мектеп- лицейі КММ жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Мектеп директорының 2023ж. 04.01.№42/1 бұйрығы негізінде келесі құрамда жұмыс тобы құрылды:

- З.К. Жиентаева – директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары;
- Н.Б.Камзин –директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары;
- А.Н.Джумабаева – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
- Г.Н.Мусабаева –Қамқоршылық кеңесінің төрағасы;
- А.М.Ельжасова – кәсіподақ ұйымының төрағасы;
- К.Ж.Махаметова – директордың бастауыш сыныптар бойынша орынбасары;
- Байтурганова А.Е.–іс жүргізуші.

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды келесі бағыттарда жүргізді:

**Бөлімнің қызметіне әсер ететін нормативтік - құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Мектеп өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын, Мемлекеттік білім беру стандартын, Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтарын , Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері және басқа заңдарын , барлық деңгейдегі білім беруді



басқару органдарының нормативтік -құқықтық актілері мен мектеп Жарғысын басшылыққа алды.

Талдау нәтижелері бойынша әкімшілік және басқарушылық персоналдың өз қалауы бойынша шешім қабылдағанын көрсететін фактілер, жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда кедергілер жасауға ықпал етіп, заңды ерікті түсіндіру мүмкіндігін тудыратын кемшіліктер, ережелер белгіленбеген.

### **Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

#### **Мектеп қызметкерлерімен жедел жұмыс**

Мониторинг кезінде мектеп қызметкерлерінің құрамы - 60 адамды құрады, оның ішінде әкімшілік - 5 адам, мұғалімдер - 37, техникалық және қызмет көрсетуші персонал - 18, бала күтімі демалысында - 4 адам.

2023 жылдың 1-ші қаңтардан 2023 жылдың 20 қазанға дейін өз еркімен қызметінен **35** қызметкер босатылды. ҚР Еңбек кодексіне сәйкес теріс себептер бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер жоқ.

Белгіленген мерзімге **35** қызметкер жұмысқа алынды. Жұмысқа қабылдау бойынша бұрын сыбайлас жемқорлық немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ. Барлық мектеп қызметкерлерінің жеке іс қағаздарында сотталмағандығы туралы анықтамалары бар. Прокурордың қадағалау актілері мен сот актілері жасалмаған.

Қарастырылып отырылған кезеңдегі азаматтардың қолданыстағы заңнаманы бұзу туралы өтініштері мен қызметкерлердің іс-әрекеттеріне шағымдану фактілері анықталған жоқ.

#### **Мемлекеттік қызметтер көрсету**

**«әл-Фараби» КММ мектеп-лицейі ұсынатын мемлекеттік қызметтер:**

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ведомстволық бағыныштылығына карамастан білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және құжаттар қабылдау»



2023 жылғы 1-ші қаңтардан бастап 2023 жылдың 20-шы қазанға дейін осы мемлекеттік қызметті алуға 1 сыныпқа: 40, басқа сыныптарға 64 адам өтініш білдірген. Әлі өтініш қабылдау жалғасуда.

- «Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларға үйде жеке тегін білім беруді ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау».

2023 жылғы 1-ші қаңтардан бастап 2023 жылдың 20-шы қазанға дейін мемлекеттік қызметті алуға өтініш түспеді.

- «Жалпы білім беретін мектептің оқушылары мен оқушыларының жекелеген санаттарын ақысыз және жеңілдікпен тамақтандыру».

2023 жылғы 1-ші қаңтардан бастап 2023 жылдың 10-шы қазанға дейін мемлекеттік қызметті алуға өтінішпен 7 адам жүгінді.

- «Аз қамтылған отбасылардың балаларын жазғы сауықтыру орындарында және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуды қамтамасыз ету үшін құжаттар қабылдау және бағыттар беру»

Қарастырылып отырған кезеңде жазғы сауықтыру орындарына 6 өтініш, мектеп жанындағы лагерьлерге әзірше 0 өтініш қабылданды. Өтініш қабылдау жалғасуда.

- «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың төлнұсқаларын беру».

2023 жылғы 1-ші қаңтардан бастап 2023 жылдың 10-шы қазанға дейін мемлекеттік қызметті алуға ешқандай өтініш түспеді. Қазіргі уақыттағы педагог кадрлардың сапалық құрамы: Барлығы: 42 педагог. Оның ішінде: Педагог-зерттеуші:13; Педагог-сарапшы:9; Педагог-модератор:12; Санатсыз:8.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оларға теңестірілген адамдарға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттауға құжаттар қабылдау»

2023 жылғы 1-ші қаңтардан бастап 2023 жылдың 10 қазанға дейін аттестациядан өту үшін педагог қызметкерлерден 12 өтініш түсті.



Мемлекеттік қызмет регламенттері стандартты және қызмет көрсетушілердің мемлекеттік қызметтерді көрсетудің нақты процессіне сәйкес келеді. Мектептің мемлекеттік қызметтері туралы ақпарат мектептің қабылдау бөліміндегі стендте орналастырылған.

### **Мемлекеттік сатып алулар.**

«Мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11 желтоқсандағы 2015 жылғы № 648 бұйрығымен «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады».

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электронды түрде жүзеге асырылады.

Шарттар жасасудың электрондық форматынан веб-порталда сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы толық және сенімді ақпарат алуға мүмкіндік береді.

2023 жылдың 1-ші қаңтардан бастап бастап 2023 жылдың 10-шы қазанға дейін «әл-Фараби» мектеп-лицейі КММ мемлекеттік сатып алу өткізілді:

- баға ұсыныстарын сұрату әдісі бойынша – 105 келісім шарт; сомасы: 33291186,25 тг.
- келісімшартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу әдісі – 17 келісім шарт.24199673,33
- Өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу- 51 келісім шарт. сомасы: 3638197,43 тг
- Ашық конкурс-1 келісім шарт,4854000 тг.
- Электрондық дүкен-24 келісім шарт. Сомасы: 6 181 391,31 тг.

Тікелей қорытынды әдісімен сатып алуды жүзеге асырған кезде жеткізушінің баға ұсыныстары, балама ұсыныс және баға модулі таңдау үшін негіз болып табылады. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының



5-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар айына екі реттен жиі емес енгізіледі.

Барлық келісімшарттарға қол қойылды, қысқа мерзімді келісімшарттар орындалды, ұзақ мерзімді келісімшарттар (қызметтер) жыл соңына дейін орындалады. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтарға жол берілмеді.

**Мектеп қызметкерлері, оқушылары мен олардың ата-аналары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру бойынша негізгі шаралар.**

Мектептерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу келесі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1. Мектептің педагогикалық ұжымы және педагогикалық емес қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кешенді жоспарына сәйкес іс-шаралар өткізіледі.

Мектеп директорының (23.09.2020 ж. №187) бұйрығымен «әл-Фараби» мектеп-лицейі КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілген.

Мектеп директорының ( 27.08.2020 ж. №118/1) бұйрығымен «әл-Фараби» мектеп-лицейі КММ Әдеп кодексі бекітілген.

2. Мектеп оқушыларының ата-аналары (заңды өкілдері) арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сәйкес ата-аналар қоғамдастығымен іс-шаралар өткізіледі. «әл-Фараби» мектеп-лицейінің педагогикалық ұжымының қоғамдық тыңдауларында мектеп директоры мектеп қызметі туралы ашық есеп ұсынады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту сұрақтары бойынша электрондық пошта жәшігі [licejjalfarabi18@mail.ru](mailto:licejjalfarabi18@mail.ru) жасалды.

3. Мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынасты қалыптастыру.



2022-2023 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сәйкес іс-шаралар жүзеге асырылуда.

2017 жылдың ақпан айынан бастап мектепте «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмыс істейді. Клубтың жетекшісі – Джумабаева А.Н.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары**

1. Мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық комиссиялармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттесу механизмін құру
2. Қызметкерлерді, ата-аналарды (заңды өкілдерді), мектеп оқушыларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға неғұрлым белсенді қатысуға, сыбайластық мінез-құлыққа жағымсыз қатынасты қалыптастыруға тартуға бағытталған және басқа шараларды қабылдау.
3. Қызметтік нұсқаулықта мектептің педагогикалық, педагогикалық емес және әкімшілік құрамының өкілеттіктерін нақтылау.
4. Мектеп қызметкерлері кез-келген адамдар олармен сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасауға итермелеу мақсатында хабарласқан жағдайлары туралы мектеп әкімшілігіне немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобына хабарлауы керек.

#### **Жалпы ұсыныстар:**

- мектеп қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша талдау анықтамасының қорытындыларын өндірістік кеңесте қарау.

- көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланысу тәуекелін болдырмау мақсатында азаматтар үшін электрондық үкімет порталы немесе корпорация арқылы баламалы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің санын барынша азайту. Электрондық мемлекеттік қызметтерді көпшілікке тарату бойынша түсіндіру іс-шараларын тұрақты негізде жүргізу.

- жауапты қызметкерлерді тарта отырып, білім беру мекемелерінің қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу бойынша тұрақты негізде сабақтар өткізу.

Жұмыс тобы:

Жиентаева З.К.

Камзин Н.Б.


Джумабаева А.Н.

Ельжасова А.М.

Мусабаева Г.Н.

Махаметова К.Ж.

Байтурганова А.Е.

Handwritten signatures of the committee members, each on a horizontal line. The signatures are: Жиентаева З.К., Камзин Н.Б., Джумабаева А.Н., Ельжасова А.М., Мусабаева Г.Н., Махаметова К.Ж., and Байтурганова А.Е.

Орындаушы: директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары: Н.Б.Камзин.

Жұмыс тел:51-93-78

Байланыс тел:87082791146